

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ ЖӘНЕ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ
БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ АРАСЫНДА ҰСТАЗДАР КҮНІНЕ АРНАЛҒАН «МЕНІҢ
ҰСТАЗЫМ» ТАҚЫРЫБЫНДА СЫРТТАЙ БАЙҚАУДЫҢ
БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ**

Астана қаласы

2014 жылғы 21 сәуір – 7 қазан

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы қоғам санасында, балалар арасында ұстаздың адамгершілік идеалын қалыптастыру, балалардың шығармашылық мүмкіндігін айқындау, оларды белсенді шығармашылық іс-әрекетке тарту мақсатында жалпы орта білім және қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың арасында Ұстаздар күніне арналған «Менің Ұстазым» тақырыбында сырттай байқауды балаларға арналған www.ziyatker.kz ғылыми-танымдық сайтта 2014 жылғы 21 сәуір – 7 қазан аралығында сырттай өткізеді.

Міндеттері:

балалардың арасында педагогикалық мамандықтың мәртебесін көтеру;
қатысушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;
дарынды балаларды айқындау және оларға қолдау көрсету.

Байқауға Қазақстан Республикасының өңірлерінен 8 жастан 18 жасқа дейінгі жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылар қатысады.

Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

«Электрондық презентация»;

«Бейнеролик (бейнеклип)».

Байқауға оның мақсаты мен міндеттеріне жауап беретін бір немесе екі номинация бойынша жұмыстар қабылданады, бірақ әр номинациядан бір жұмыс болуы керек.

Жалпы орта білім және қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың арасында Ұстаздар күніне арналған «Менің Ұстазым» тақырыбында сырттай байқауды өткізу туралы қосымша ақпаратты мына мекен-жай бойынша алуға болады: Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 16/1, Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, тел/факс: 8 (7172) 44-53-38, электрондық пошта: spo.rumcdo@mail.ru.